

БҰЙРЫҚ

«1» 12 2023ж.
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 142
город Астана

**№95 «Алматы» балабақшасының
өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру
және өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Занына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын, Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2023 жылғы 09 қарашадағы № 441-нк бұйрығын және 2023 жылғы 1 желтоқсанындағы кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының шешімін негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Астана қаласы әкімдігінің «№95 «Алматы» балабақшасы МКҚК 19.02.2024 - 23.02.2024 ж.ж аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін;
2. Өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде балабақшада келесі комиссия құрамы құрылсын.
Комиссия төрайымы, балабақша меңгерушісі – Смакова Анар Долдабековна;
Комиссия мүшелері:
Сомшина Акмарал Есимхановна - әдіскер;
Рамазанова Дана Турсыновна – инновация әдіскері;
Камбар Айнура Камбаровна – педагог-психолог;
Мухамеджанова Алма Агбаевна – тәрбиеші;
Омарова Жибек Сериковна – тәрбиеші;
Есимсейтова Жанар Жолмухановна – тәрбиеші;
3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес іс-шара жоспары бекітілсін;
4. Комиссия құрамына бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін;
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші



А. Смакова